

ТЫҢДАУШЫЛАР ЖАТАҚХАНАСЫ:



ДАЙЫНДЫҚ БӨЛІМШЕСІНДЕ ОҚУ

МЕРЗІМІ:

- Орта білім (11-12 сынып) негізінде оқу процесі тек күндізгі бөлім – 9 ай мерзімінде өткізіледі.

ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ:

05.08.2020 - 05.09.2020

ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

Кешенді тестілеуге қатысу үшін және университетке қабылдану үшін төмендегі құжаттарды даярлау:

- Үміткердің өтініші;
- Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (нотариалды расталған аудармасы) (төлқұжатта ұлты «казак» деп көрсетілмеген болса азаматы болып табылатын елдің Елшілігінен ұлты жөнінде анықтама алып келу)
- Аттестат немесе диплом (түпнұсқа), (нотариалды расталған көшірмесі және аудармасы)
- 3x4 көлеміндегі 6 дана фотосурет, конверт;
- 086У формасындағы дәрігерлік анықтама

НҮР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНЕ ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР!

Дайындық бөлімшесінің мекенжайы:

Қазақстан.Нұр-Сұлтан қаласы, Мұңайтпасов көшесі, 13

№6 оқу ғимараты, Дайындық бөлімшесі.

Университеттің электрондық адресі:

www.enu.kz

Телефон: (8-71-72) 70-95-00

Дайындық бөлімшесінің жетекшісі:

Құлманов Қуандық Сәндібекұлы

Ұялы тел: 87011815060



Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ

ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ДАЙЫНДЫҚ БӨЛІМШЕСІ



Нұр-Сұлтан

Дайындық бөлімшесі шетелдегі қандастарымыздың Қазақстан Республикасының орта мектебінде білім алмағандығын ескере отырып, қазақ тілі, қазақстан тарихы, математика және бейімдік пәндерді оқыту барысында ЖОО-на түсу үшін кешенді тестілеуге даярлайды.

Дайындық бөлімшесіне қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Бұйрығына сәйкес шығарылатын университет ректорының шешімімен жүзеге асырылады.

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТЫҢДАУШЫЛАРЫ:



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының дайындық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» №554 бұйрығына сәйкес 2017-2018 оқу жылынан бастап Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде дайындық бөлімшесі жұмыс істеуде.

Дайындық бөлімшесіне оқуға түсу үшін шетелдік азаматтар (этникалық қазақтар) тыңдаушылар қатарына үміткер ретінде қатыса алады.

Дайындық бөлімшесіне түсу үшін тестілеуді тапсыру екі пән бойынша өтеді: қазақ тілі және математика. Кешенді тестілеуге келген үміткер жеке басын анықтайтын және жеке басты куәландыратын тиісті құжатын ұсыну арқылы жүргізіледі.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде 2020-2021 оқу жылына тыңдаушылардың құжаттарын қабылдау 2020 жылдың тамыз-қыркүйек аралығында жүзеге асырылады. Дайындық бөлімшесінде оқу мерзімі 9 айға созылады.

Оқыту тілі: қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

Дайындық бөлімшесіне білім грантымен түскен тыңдаушыларға ай сайын шәкіртақы (стипендия) төленеді және жатақханадан орын беріледі.

ТЫҢДАУШЫЛАР МӘДЕНИ ІС-ШАРАЛАРДА:

